

# Картотека №1

## «Киім дүкені»

### Мақсаты:

Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.



# Картотека №2

## « Балабақша »

### Мақсаты:

Тәрбиеші балаларды  
қабыл дап,  
таңертеңгілік  
жаттығуды өткізеді,  
ойнатады.



# Картотека №3

## «Зообақ»

### Мақсаты:

Балалар ата-аналарымен зообаққа келеді, әртүрлі жануарларды көреді, әйткеншекте тебеді.



# Картотека №4

## «Мектеп»

### Мақсаты:

Балалардың мектеп жайында білімдерін толықтыру. Бірі мұғалім бірі оқушы болып ойнай білуге үйрету. Үлкендердің іс-әрекетін қайталай білуге, мұғалім мен оқушының қарым-қатынастарының қандай болу керектігін көрсету. Ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту.



# Картотека №5

## «Шаштараз»

### Мақсаты:

Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.



# Картотека №6

## «Отбасы»

### Мақсаты:

Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа баулу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу.




# Картотека №7

## «Құрылысшы»

### Мақсаты:

Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу



# Картотека №8

## «Аспазшы»

**Мақсаты:** Балаларды тағамның түрлерімен таныстыру. Оларға жасаудың қарапайым жолдарын түсіндіру. Асты қадірлеуге үйрету.






# Картотека №9

## «Аурухана»

### Мақсаты:

Өздіктерінен рөлдерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.



# Картотека №10

## «Дүкен»

### Мақсаты:

Сатушының рөлін  
ойнай білу  
біліктілікке үйрету.



# Картотека №11

## «Жолаушылар»

**Мақсаты:** Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.




# Картотека №12

## «Дәрігер»

### Мақсаты:

Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.



ҚМҚҚ “Балерке”  
балабақшасы

# Балабақашадағы сюжеттік- рөлдік ойындар картотекасы



Тәрбиешілер: Нурмухамбетова О.

Н

Мухамадиева Ш.У